Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 24 мамыр №7119-24-00-2/5590 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Восток» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Шайзадина Айнур Жолдосказыевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«Восток» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Шайзадина Айнур Жолдосказыевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Восток» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Шайзадина Айнур Жолдосказыевна мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Баймурзина А.А.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 24.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.07.2024, судья Баймурзина А. А., 03.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

7119-24-3-1/4963